

«Бірлік орта мектебі» мкм бойынша «Әлемнің ғажайып үш тірегі» тақырыбында жаратылыстану бағытындағы математика, информатика, физика пәндерінің өткізген онкүндігінің хабарламасы.

“Бірлік орта мектебі” мемлекеттік коммуналдық мекемесі бойынша “Әлемнің ғажайып үш тірегі” тақырыбында 16.01.24-29.01.24 аралығында математика, информатика және физика пәндерінің апталығы өтті.



Апталықтың мақсаты жаратылыстану бағытындағы математика, информатика, физика пәндері бойынша үлгілі сабақтар мен сыныптан тыс іс шараларда оқытудың заманауи технологиялар мен әдістерді қолдана отырып, оқушылардың сабақтан тыс тақырыптар бойынша қызығушылын ояту, ізденіс жолға жетелеу. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатта, бәсекелестікте көшбасшылық дарынын айқындау.

Апталық жоспар бойынша нақтыланған іс шаралар кезегімен өтілді. Үлгілі сабақтар мен сыныптан тыс іс - шаралар кезеңмен, интернет платформаларын пайдалану арқылы жүргізілді.

16.01.24ж. күні мектепте апталықтың ашылуы болып, жұмыс жоспары мектеп директорымен бекітілді.

25.01.2024ж. күні информатика пәнінің мұғалімі Қайырғали Дария **10-сыныпта «Сайттың қарапайым алғашқы бетін құру» тақырыбында үлгілі сабақ** өткізді. Сабақты оқушылар [хормен **Мақсатымыз, білім алу,**




Міндетіміз, үйрену.


**Алға қойған мақсатымыз бір екен,
Сәтті болсын сабағымыз әрдайым.**

Сынып әр түрлі программалардың белгішелері арқылы 2

топқа бөлінді. Әр топта 5 оқушыдан қатысты. I «Модем» тобы, II «Интернет» тобы, болып бөлінді. <https://www.classtools.net/vortex/202401-QCiPWK>



арқылы сабаққа дайын екендерін біліп, ынтымақтастық атмосфераны жақсарту үшін оқушылардың көңіл күйін «Мен білемін!» тақырыбында <https://wordwall.net/ru/> платформасы арқылы сұрақтар қойып, оқушылардан жауап алынды.




Ал оқушылар сұрақтарға жылдам жауап беріп үйренді. Үлгілі сабақтың типі жаңа сабақ. Сабақ бес сатыдан тұрды:

- Ой жүйрік.
- Көзбен көру, саусақпен көрсету.
- Сен маған, мен саған!
- Ойынмен ойлан!.
- Мені тыңда!.

Компьютерде тапсырмаларды шағымен орындап, сайттың қарапайым алғашқы бетін құрап шығарады және қорғайды.

1. Беттің фонын өзгерт.
2. Беттің макетін жаса.
3. Бет макетінің ұяшығын редакторла.
4. Жүгіртпе жол орналастыр.
5. Мәзір қатарының батырмаларын орналастыру



Әр сатының тапсырмаларына келетін болсақ, «Ой жүйрік?» кезеңінде әр топқа пазл берілді. Пазлды құрастыру арқылы тапсырма, аудио дауыспен берілді. Жауабы видеомен көрсетіліп, дұрыс тапқан топтарға дәлелденген балл қосылып отырды. Көзбен көру, саусақпен көрсету сатысында, өз көздерімен көру мен естуге <https://www.classtools.net/vortex/202102-ki8U9K> сілтемесін саусақ арқылы әр топқа код шешу берілді. Сонда бүгінгі сабағымызды мазмұнын толығымен түсініп, жауабын интернеттің көмегімен бірден көрсетіліп тұрды. «Сен маған, мен саған!» сатысында әр топқа формула енгізуге байланысты есептер жазды. 5 минут уақытта әр топ қанша формула жазғаны есептелінді. Әр формулаға бір балмен есептеліп, «Модем» тобы ең көп формула жазғандары үшін мадақталды. «Ойынмен ойлан!» сергіту жаттығуларын жасау қажет. Жаттығу ойын құрастырумен қызық болды. Соңғы кезең «Мені тыңда!» экранда берілген аудио дыбысымен оқылған бүгінгі тақырыптан не үйрендің?, не білдің?, не қызық болды? сұрақтарына әр топ өз шешімдерін тыңдатып, екі жұлдыз, бір тілек арқылы өз өздерін, бір бірлерін бағалап ортаға салды. Жоғары ұпай балымен есептелінген «Модем» тобы жеңіске жетті. Үй жұмысы googlechrome платформасымен тапсырмалар берілді. Мен сені тыңдадым! Дем өз сөзімді Абай атамның сөзімен аяқтадым. Оқушылар дер кезінде жауаптары үшін мадақтап, ынталандыру арқылы сабақ өте қызық өтті. Ең жоғары ұпай жинаған «Модем» тобы жеңіске жетті. Сабақтың негізгі мақсаты: 10.4.2.1. Web-парақшаларды әзірлеуде HTML тегтерін қолдану, жұмс істеуді үйрену, қалай жұмыс істейтінін көзбен көріп біліп жүруге, топпен жұмыс жүргізіп, бірін – бірі тыңдауға, сыйлаға, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Менің көздеген мақсатыма жеттім. Сабақ басталған бойы қатысушылар берілген тапсырманы орындауда белсенділік көрсетті. Жоспарлап келген жұмыс түрлері толығымен іске асты. Оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеттері ескеріліп, сабақтың әр кезеңінде қызығушылығын ояту, байланыстыра сөйлеу, сөздік қорын молайту көзделді.

Топтық жұмыс

Жауабын анықтамаға сәйкесіне орналастырыңыз

HTML арқаптарын көруге мүмкіндік беретін арнайы бағдарламаны анықтаңыз

Қандай өлшемдерді ұсынуға жақын өлшемдері HTML элементтеріне

Web-бетті құру үшін қандай тіл пайдаланылады

Элемент туралы қосымша ақпарат беру үшін пайдаланылатын сипаттамалар

Дисциплина: HTML, Браузер, Атрибуттар, Тег

ФИШБОУН ӘДІСІ

1. Беттің формасын өзгерту.
2. Беттің мәнін жасау.
3. Бет мәнінің ұшығын редакторға.
4. Бетке сайт атауын жазу.
5. Жүріне жол орналастыру.
6. Мәзір қатарымен бағырмаларды орналастыру.

[https://classroomscreen.com/app/screen/w/97430845-dcac-4886-a2ab-5f45c45f4c9b/g/23948f56-31f5-46de-ae4e-0354b093b9c9/s/0a0124a1-d180-4b93-](https://classroomscreen.com/app/screen/w/97430845-dcac-4886-a2ab-5f45c45f4c9b/g/23948f56-31f5-46de-ae4e-0354b093b9c9/s/0a0124a1-d180-4b93-b56f-eb1b3cded797)




[b56f-eb1b3cded797](https://classroomscreen.com/app/screen/w/97430845-dcac-4886-a2ab-5f45c45f4c9b/g/23948f56-31f5-46de-ae4e-0354b093b9c9/s/0a0124a1-d180-4b93-b56f-eb1b3cded797)

<https://www.classtools.net/vortex/202301-7WaQBT> платформасымен әр ұяшыққа жауабын табу.



<https://learningapps.org/19021218> платформасымен сәйкестендіру тапсырмасы.



<https://wordwall.net/ru/resource/51785299/%d0%b1%d0%b5%d0%ba%d1%96%d1%82%d1%83-%d1%81%d2%b1%d1%80%d0%b0%d2%9b%d1%82%d0%b0%d1%80%d1%8b> сабақты бекіту сұрақтары.


24.01.2023 күні информатика пәнінің мұғалімі Үркінбаева Гүлзира 5ә-сыныбында «Гироскопиялық датчик» тақырыбында үлгілі сабақ өткізді.

Мұғалім сабақтағы оқушыларды түгендеумен бастады. Оқушылардың көңіл-күйлерін анықтап алып, 3 топқа бөлінді. Үй тапсырмасын бірінші «Wordwall» платформаның көмегімен «Викторина» ойыны арқылы сұрақтар қойылып, оқушылардан жауап алынды. Ал оқушылар сұрақтарға жылдам жауап беруге тырысты. Екінші тапсырманы «LearningApps.org» платформасымен «Сәйкестендіру» жасады. Әр дұрыс жауапқа оқушылар ұпайларын алып отырды.



Үлгілі сабақтың типі жаңа сабақ. Сабақты оқушыларға презентация және видеосабақ арқылы түсіндірілді. Оқушылар анықтамаларын дәптерге жазып компьютерде 1 - тапсырманы оқушылар жеке орындап шықты, 2-3 тапсырманы топпен орындап шықты.

Сабақты бекіту үшін «WordWall» платформасын пайдаланып оқушыларға сұрақтар қойылды. Сабақтың соңында оқушыларды бағалап кері байланыс алынды.



Қорытынды: сабақ мақсатына жетті. Оқушылар гироскопиялық датчик жұмыс істеу принципін түсінді. Роботты тұрған орнынан 90⁰-қа бұратын программа блоктарын құрастырды.

Берілген ұсыныс: оқушыларды көп сөйлету, сөйлеу дағдыларын кеңейту.

19-қаңтар күні информатика пәнінен 6-7-сыныптар арасында «Қызықты информатика» тақырыбында интеллектуалды сайыс сабақ өткізілді. Қатысушылар сынып бойынша топтарға бөлінді. Әр сыныптан төрт оқушыдан қатысты. 6а-сынып «Жас информатиктер», 6б-сынып «Технологтар», 7а-сынып «Болашақ» тобы болып бөлінді.

Жарыс кезеңдері:

I кезең: «Таныстыру» (әр топ өз командаларын таныстырады, ұранын, аттарын айтады).

II кезең: «Құпия жәшік»

III кезең: «Тапқырлық».

IV кезең: «Хронология».

V кезең: «Ойланып көр» сұрақтар.

VI кезең: Мақал – сөз мәйегі.

Сайыста әр топ кезек-кезек ұяшықтарды таңдап, сұрақтарға жауап беру арқылы жеңіске жетті. Оқушылар сайысқа белсене қатысып білімдерін шындады.

Қорытынды бойынша:

I орын: «Болашақ»

II орын: «Жас информатиктер»

III орын: «Технологтар» жеңімпаздар анықталып, марапатталды.



19 қаңтар күні 9”А” сыныбында физика пәнінен «Тербелмелі қозғалыс» тақырыбында үлгілі сабағын өткізді.

Сабақты сәлемдесу және **психологиялық ахуал** тудырып, білім алушылардың назарын сабаққа аударды..

Жалқаулықты тастаймыз

Әдеп-сұрып сақтаймыз

Білім жолымен жүреміз

Сабақты біз әрдайым

Тек көңілді бастаймыз

«Суреттер сөйлейді» әдісін қолданып жаңа сабақтың тақырыбын ашты және мақсатын айқындады.



Білім алушылар бейнебаян тамашалап, «**Ой қозғау**» әдісін қолдана отырып бейнебаяннан не түсінгені туралы сұрап, «Не? Неліктен? Қалай?» сұрақтары арқылы білім алушылар ойлау дағдысын

дамытты (<http://bilimland.kz/kk/home#lesson=10822>)

Жаңа тақырыпты пысықтау мақсатында «**Ой толғау**» әдісін пайдаланып білім алушыларға мысал есеп шығартып және эксперименттік топтық жұмыс орындатты. Көрсетілген эксперимент бойынша әр топ периодын, жиілігін және амплитудасын анықтады.

I-топ. Периоды неге тең?


II-топ. Амплитудасы неге тең?

III-топ. Жиілігін есепте?

(https://phet.colorado.edu/sims/html/pendulum-lab/latest/pendulum-lab_en.html)

Сергіту сәті. Білім алушылар ағаштың, құстың, ойыншықтың тербелістерін жасады.

Оқулықпен жұмыс: 5.1-жаттығу (жұптық жұмыс) – «**Ойлан – жұптас – бөліс**» әдісі



Сабақты бекіту: тест тапсырмалырын орындады, «**Кім жылдам?**» әдісі (деңгейлік тапсырмалар, жеке жұмыс.)

Қорытындылау: «**Жалғасын тап**» әдісі

1. Тербеліс дегеніміз.....
2. Тербеліс мынадай түрлерге бөлінеді.....
3. Тербелісті сипаттау үшін мынадай физикалық шамалар қолданылады.....

«**Рефлексиялық шеңбер**»

Тақтаға «Сабақтағы психологиялық ахуал», «Сабақтан алған әсерің» деген сөздер жазылған және «жақсы», «жаман» деген екі бағалау бағаны бар плакат ілінді, білім алушылар магнит-смайликтер арқылы сабақты бағалады



Үлгілі сабақ бойынша талдау жұмыстары, сабақтың өтілу барысы, сабақтың құрылымына жақсы кері байланыс беріліп, «өте жақсы» деп бағаланды. Берілген ұсыныс: оқушыларға практикалық жұмыстар үйлестіру, оқушыларды көп сөйлету, сөйлеу дағдыларын кеңейту.

18 .01.2024ж. күні физика пәнінің мұғалімі Богумбаева Гүлмайра 9а,ә сыныптар арасында сыныптан тыс “Қызықты физика”- интеллектуалды сайыс сабағын өткізді.

Сайыс кезеңдері:

1.Таныстыру (топтың аты,ұраны,эмблема,қорғау)

2. «Сырлы сауалдар» сұрақ-жауап

3. «Ғажайып сандықша»

4. Мақал- мәтелдер.


5. Сергіту сәті (Кел, күлейік)

6.«КІМ ТАПҚЫР!» (Ой жинақтау).

7. Тәжірибе жасау

Оқушылар сайысқа өте жақсы дайындалған. Топтың аттары, ұраны және эмблемалары оқушылардың шығармашылық деңгейін көрсетті және қарсыластарына дайындап келген тәжірибелерді көрсетіп қана қоймай қойылған сұрақтарға жауаптарын негіздей білді. Бұл сайыста оқушылар білімдерін шындап шығармашылықтарын дамыта білді.





23.01.2024ж. күні математика пәнінің мұғалімі Есжанова Алма мен Усенова Толқын 9-10 сыныптар арасында сыныптан тыс «Математикалық сайыс» зияткерлік сайысын өткізді. Сайыс 6 кезеңнен тұрды.




1. Таныстыру
2. Бәйге
3. Бәрі бір әріптен
4. Топбасшылар сайысы
5. Үштұғыр
6. Викторина

Сайыстың «Таныстыру» кезеңінде әр топтың аты, топбасшысы, ұраны айтылды. «Бәйге» кезеңінде оқушыларға сұрақтар қойылды, қай топ жылдам жауап берді сол топ ұпай санына ие болды. «Бәрі бір әріптен» кезеңінде бір әріптен математикалық термин сөздер жазды. Қай топ көп сөздер жазды, сол топ ұпай санға ие болды. «Топбасшылар» сайысында бір сөзге үш анықтама берілді. Бірінші анықтамада жауап берсе 3 ұпай, екінші анықтамада жауап берсе 2 ұпай, болмаса үшінші анықтамада жауап берсе 1 ұпай берілді. «Үштұғыр» кезеңінде әр топқа мақал-мәтел оқылды, жалғасын тауып, сол жердегі аталған санды орысша, ағылшынша айтып берді. «Викторина» математикалық сауаттылыққа байланысты тапсырма берілді. Әр топ берілген тапсырмадан қандай амал қолданғанын, есептің шешімін дұрыс орындап берді. Сайыс сабақ қызықты өтті. Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін арттырды. Сайыс өз мәресіне жетіп 9 сынып оқушылары жеңімпаз атанды.




22.01.2023ж. күні математика пәнінің мұғалімі Усенова Толқын алгебра және анализ бастамалары пәнінен 10 «ә» сыныпта «Туынды табу ережелері» тақырыбында үлгілі сабақ өткізді. Үлгілі сабақта «Learning Apps» платформасынан «Сәйкестендіру» арқылы тақырыпқа байланысты

формулаларды бір-бірімен сәйкестендірді . Топпен жұмыста «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі арқылы топтарға тапсырма беріліп, өзара талқылап берді. «Кім жүйрік?» жеке жұмыста тақтаға есептер берілді. Кім жылдам шығарады сол ұпайға ие болды. «Кім білгір?» әдісі " Learning Apps " «платформасынан берілген функциялардың туындысын тауып сәйкестендірді. Тақырыпты игеруде «Quizizz» платформасы арқылы тест тапсырмасын орындады. Сабақ өз деңгейінде өтті. Оқушылар тақырыпты жақсы меңгерді. Кері байланыс жүргізілді.



Сәйкестендіру кестесі

| | |
|----------------------|-----------------|
| $(x^2 - 3x + 1)'$ = | $56x^7 - 56x^6$ |
| $(7x^8 - 8x^7)'$ = | $2x - 1$ |
| $(2x^7 + 5x)'$ = | $4x + 3$ |
| $(2x^3 + 3x - 7)'$ = | $2x - 3$ |
| $(x^2 - x)'$ = | $3x^2$ |
| $(1 + x^3)'$ = | $6x^5 - 3x^2$ |
| $(2x^2 + 3x)'$ = | $6x^2 + 3$ |
| $(x^6 - x^3 + 1)'$ = | $14x^6 + 5$ |



Қорыта келгенде оқушылардың апталықта белсене қатысқандығы және білім салаларын жан-жақты білу мақсатында өткізілген сыныптан тыс іс-шараларға қатысулары, бәсекелестік пен көшбасшылық қабілеттерін дамытуда көп нәтижеге қол жеткізді. Әр сынып пен сынып оқушыларына алғыс хаттар мен грамоталар ұсынылды. Апталық жоғарғы деңгейде өтті. Білімді ұрпақ тәрбиелеу, болашақтың кепілі.

Бірлестік жетекшісі Усенова Т.З.